

"2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № А-6/317 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № А-9/500 қаулысы

Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № А-6/317 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ақмола облысы әкімінің міндетін атқарушы

Е.Рамазанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ А-9/500 қаулысына
қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 16 маусымдағы
№ А-6/317 қаулысына
қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Гранттардың саны (күндізгі оқу нысаны бойынша)	Оқу жылы ішінде бір білім алушыны (маманды) оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)	
			2025 жылғы 4 айға	2026 жылғы 8 айға
Бакалавриат				
	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	5	336,0	672,1
	6 B 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	25	336,0	672,1

6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	5	336,0	672,1
	6В019 Арнайы педагогика	5	336,0	672,1
6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	2	352,0	703,9
6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В071 Инженерия және инженерлік іс	10	336,5	673,1
	6В072 Өндірістік және өңдеу салалары	3	336,5	673,1
	6В073 Сәулет және құрылыс	6	336,5	673,1
6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6 В 0 8 7 Агроинженерия	10	277,3	554,5
6В09 Ветеринария	6В091 Ветеринария	5	363,1	726,2
6В10 Денсаулық сақтау	6В101 Денсаулық сақтау	46 (Интернатура 6 курс)	406,1	812,2
Жиыны:		122		
Магистратура				
7 М 0 1 Педагогикалық ғылымдар	7 М 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау	29	151,6	303,3
	7М019 Арнайы педагогика	5	151,6	303,3
Жиыны:		34		
Барлығы:		156		